

## Хаттама №1

Бүгін, яғни 10 қаңтар 2024 жылы Баршақұм орта мектебінде қамқоршылық кеңестің жиналысы болып өтті.

### Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен және жылдық жоспарымен таныстыру.
2. 2024 жылға арналған қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттерімен таныстыру.
3. Көп балалы отбасылар, жартылай жетім және сәтсіз отбасылар туралы мәліметтермен танысу

### Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Т.М. Мейрман хабарлама жасады. Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен таныстырылды. 2024 жылға арналған жоспармен және кеңес мүшелерінің міндеттері туралы айтылды. Мектепте оқитын көп балалы отбасылар саны 16 және жартылай жетім 4 отбасының, сәтсіз 2 отбасының балалары оқитынын туралы мәлімет берілді.

### Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөйлеушілер:

1. **Нұрбергенова Л.М. (ардагер ұстаз)** – Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып отырмыз. Қамқоршылық кеңестің ролі жоғары. Мектепшілік көптеген шаралардың орындалуына үлес қоса алады. Қазіргі кезде қамқоршылық кеңес мектептің көптеген шеше алмай жүрген мәселелеріне араласып, оң шешім табуына ықпал етеді. Ауылымыз шағын, сондықтан мектептегі көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы балаларының тұрмыстық жағдайын жақсы білеміз деп айтуға болады. Мектепте тұрмысы төмен оқушы жоқ. Кеңес мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді дұрыс атқара білу керек. жылдық жоспарға алып-қосарым жоқ.

2. **Қырдабаев М. Ж. (ата-ана, кәсіпкер)** – Мен де жоғарыда айтылып өткен пікірге қосыламын. Қамқоршылық кеңестің жоспары жан- жақты жасалған. Мектептің көркейуіне, оқушыларының білімді және тәрбиелі болуына ықпал жасалып жатыр. Биылғы оқу жылында мектебімізге жаңа спортзал пайдалануға берілді. Мектеппен үнемі тығыз байланыста болып, жұмыс жасаймыз деп сенім білдіруге болады.

3. **Амантурлима Ж. Б. (кітапханашы)**– қамқоршылық кеңес жоспары жан- жақты жасалған. Осы жоспардың жүзеге асырылуына атсалысуымыз керек. Мен осы мектеппен үнемі байланыстамын. Мәдени көпшілік шараларды ұйымдастырған кезде мектеп мұғалімдерімен, оқушыларымен үнемі байланысып отырамын. Мектепте ата-аналармен жұмысы жақсарды деп айтуға болады. мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс жасап жатыр. Балаларымыз белсенді, олай болса ата-ана мұғалімдермен бірлесіп одан әрі де жұмыс жасай беруі тиіс деп ойлаймын.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай, талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы етеді:**

1. Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жоспары бекітілсін.
2. «Қамқоршылық кеңес» жұмыстары жан – жақты жоспарланып, мектеппен үнемі байланыста болу кеңес мүшелеріне міндеттелсін.

Жиналыс төрағасы:  К. С. Сыдықов  
Хатшы:  Т.М. Мейрман